

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



ИННОВАЦИОННО-ЕВРАЗИЙСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҒЫЛЫМИ БІЛІМ КЕШЕНІ**

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

СИЛЛАБУС

ПАВЛОДАР 2012

БЕКІТІЛДІ
БА директоры
пед. ғ. д., профессор
_____ Қайырбекова Б.Д.
« ____ » _____ 2012 жыл

Құрастырушы:
ф.ғ.к., аға оқытушы З.К. Курманова

«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ» КАФЕДРАСЫ

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша
5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында жалпы білім беру және
орта кәсіби білім негізінде қашықтықтан оқыту бөлімінде оқитын студенттерге арналған

СИЛЛАБУС

Курс	2
Семестр	4
Дәріс	9
ОСӨЖ	9
СӨЖ	15
Бақылау түрі:	
емтихан	4-семестр

Силлабус 5В011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты (Астана-2006) және «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған Абай атындағы ҚазҰПУ-нің типтік оқу бағдарламасы (Алматы 2006) негізінде жасалған.

БА КОБ-ның ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданған және баспаға ұсынылған.

Хаттама

ҒӘК төрағасы

аға оқытушы _____ Фоминых А.Д.

Қазақ филологиясы кафедрасының мәжілісінде бекітілді

Хаттама №

Кафедра меңгерушісі

ф.ғ.к., профессор _____ Резуанова Ғ.Қ.

КЕЛІСІЛДІ

АӘБ бастығы

п.ғ.к., профессор _____ Ушакова Н.М.

« ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» ОҚУ КУРСЫ СИЛЛАБУСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Түсінік хат
2. Курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспары (1-кесте)
3. Дәріс курсының мазмұны (2-кесте)
4. ОСӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік жоспары (4-кесте)
5. СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік жоспары (5-кесте)
6. Емтихан сұрақтары
7. Ұсынылатын әдебиеттер
Негізгі
Қосымша
8. Студент рейтингісін бағалау көрсеткіші (6-кесте)
9. Студенттердің білімін бағалаудың жалпы көрсеткіштері (7-кесте)

Байланыс ақпарат:

Оқытушының аты-жөні	Сабақ өткізудің уақыты мен орны			Байланыс жасау ақпараты
	Дәріс	Тәжірибе шілік	ОСӨЖ	
Курманова З.К.	617 сабақ кестесі бойынша	617 сабақ кестесі бойынша	617 сабақ кестесі бойынша	«Қазақ филологиясы» кафедрасы 628 кабинет жұмыс тел. 45-22-11 (ішкі 119) 87017506875

ТҮСІНІКТЕМЕ

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсының мақсаты - студенттерге мектепте қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терен, тәжірибелік дағдысы қалыптасқан, ұлттық менталитеті жоғары маман даярлау.

Пәнді оқыту міндеттері:

- студенттерді әдістеме саласындағы соны өзгерістермен таныстырып, оны тиімді қолданудың жолдарын меңгерту;
- қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін меңгерту;
- педагогика мен әдістемедегі жаңашыл әдістемелерді талдай білуге, олардың тәжірибедегі тиімді-тиімсіздігін анықтай білуге дағдыландыру;
- мектепте негізгі пән ретінде оқылатын қазақ тілінің әлеуметтік маңызына студенттердің азаматтық сенімін қалыптастыру;
- болашақ қазақ тілі мұғалімдері ретінде, өз бетімен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу мен оларды талдай білу дағдыларын жетілдіру;
- студенттердің ғылыми-әдістемелік шығармашылығына жол ашып, өздерінің педагогикалық білімдерін үнемі жетілдіріп отыру қажеттігіне көздерін жеткізу;
- ұстаз еңбегіне құрметпен қарап, кәсіби шеберлікті бойларына сіңіру;
- дидактикалық заңдылықтарды меңгерту, оқу процесін ұйымдастыра білуге үйрету.

Пән бойынша студенттердің игеруге тиісті іскерлік пен дағды түрлері:

- мектепте білім берудің әр кезеңінде қазақ тілін оқыту міндеттерін анықтау іскерлігі;
- әр сыныптағы оқушылардың қазақ тілін игерудегі жас ерекшелігі мен жеке басының қабілетін есепке алу шеберлігі;
- әр сабақта оқытудың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін жүзеге асыру іскерлігі;
- оқушылардың танымдық қабілетін, іскерлігі мен дағдысын жетілдіру, қазақ тілінің мүмкіндігін мақсаткерлікпен пайдалану іскерлігі;
- оқыту әдістерін білім көзіне қарай топтастыру, оқушылардың танымдық сипатына қарай жүйелеу, оқу материалының мөлшеріне қарай бейімдеу іскерлігі;
- оқушылардың жас мөлшеріне, мүмкіндігіне қарай оқытатын материалдарды ыңғайлай білу шеберлігі;
- сабақтағы оқу материалының сабақтан тыс жұмыспен байланыстылығын сақтай білу іскерлігі;
- әр студенттің жеке өзінің әдіс-тәсілінің қалыптасуына, әдістемелік шеберлігінің дамуына жол ашу;
- оқу материалдарына байланысты көрнекі құралдар, сызбалар, үлестірмелі карточкалар және т.б. жасай білуге үйрету.

Курстың құрылымы дәріс, ОСӨЖ және СӨЖ жұмыстарынан тұрады

Пререквизиті

«Тіл біліміне кіріспе», «Қазіргі қазақ тілі», «Тіл білімінің негіздері», «Нормативті қазақ тілі», «Тіл мәдениеті», «Тілдік қатынас теориясы» және т.б. қазақ тілінің салалары мен «Философия», «Педагогика», «Психология» пәндері оқылды. Студенттердің қазақ тіл білімі, тілдік бірліктер, педагогика, психология жайлы жалпы мәліметі болу керек.

1. Постреквизиті

«Шешендік өнер негіздері», «Тіл білімінің тарихы», «Қазақ тілінің стилистикасы», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» және т.б.

Студенттер қазақ тілінің теориялық курстары мен педагогика және психология, физиология курстарынан алған білімдерін біртұтастыққа келтіре жүйелей отырып, шеберліктерін қалыптастырудың жолдарын «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсы барысында меңгеріп шығады.

2. Пәннің қысқаша сипаттамасы

Қазақ тілін оқыту әдістемесі курсы - қазақ мектептері үшін қазақ тілі пәні мұғалімін даярлайтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бөлімінде оқытылатын негізгі пәндердің бірі. Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша қазақ тілі мұғалімдеріне қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті машықтарды қалыптастыру негізі мақсат болып саналады. Жоғары оқу орнында өтілетін «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің мақсаты - кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні өзінің бастау негіздері ретінде философияның, логиканың, лингвистиканың, психологияның, физиологияның т.б. ғылым салаларының жетістіктеріне сүйенеді. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерін талдап-тану арқылы тиімді әдістер мен тәсілдер жүйесін зерделеп, оны студенттерге меңгертуді көздейді. Осылардың негізінде, қазақ тілінің қазақ мектептерінде оқытылу барысының өткенін талдау мен оған баға беруге, қазіргі күйін танып-білуге, болашақтағы даму жолдарының алғышарттарын анықтай білуге студенттерді үйретеді.

Курстың тақырыптық жоспары (IV семестр, 15 апта)

№	Тақырыптың аталымы	Сағат саны		
		Дәріс	ОСӨЖ	СӨЖ
	Модуль 1			
1	Қазақ тілін оқыту әдістемесі – жеке ғылым саласы. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары мен оқыту әдістерінің жүйесі. Қазақ тілін оқытудың формалары мен түрлері.	1	1	1
	Модуль 2			
2	Қазақ тілінің фонетикасы мен орфографиясын оқыту әдістемесі. Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын оқыту әдістемесі	1	1	1
3	Сөзжасамды оқыту әдістемесі.	1	1	1
4	Грамматиканы оқыту әдістемесі	1	1	1
5	Морфологияны оқыту әдістемесі. Сөз тіркесін оқыту әдістемесі.	1	1	1
6	Жай сөйлем мен сөйлем мүшелерін оқыту әдістемесі.	1	1	1

	Құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі			
7	Мәтінді оқыту әдістемесі	1	1	1
8	Пунктуацияны меңгерту әдістемесі.	1	1	1
9	Тіл мәдениеті және оны оқыту әдістемесі. Тіл дамыту әдістемесі.	1	1	1
	Барлығы:	9	9	15

**Дәріс материалдарының мазмұны
(кредит саны, сағат саны)**

№	Дәріс аталымы	Дәріс мазмұны	Сағат саны
	Модуль 1		
1	Қазақ тілін оқыту әдістемесі – жеке ғылым саласы. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары мен оқыту әдістерінің жүйесі. Қазақ тілін оқытудың формалары мен жүйелері	<p>1.Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының зерттеу нысаны мен пәні.</p> <p>2) Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу және даму жолдары.</p> <p>3) Қазақ тілін оқыту әдістемесінің классиктері- Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Қ.Басымов, Ш.Сарыбаев т.б. еңбектерінің маңызы.</p> <p>2. Дидактикалық принциптер.</p> <p>Қазіргі заман талабына сай қазақ тілін оқытудың 7 түрлі принципі бар: қазақ тілін оқытудың ғылымилық принципі; оқытудың шамаға лайықты жүйелілік принципі; оқытудың белсенділік, сапалық принципі; жеке тұлғаны дамыта отырып, даралап, саралап оқыту принципі; қазақ тілінен берілетін теориялық білімді ұлттық рухани тәрбиемен, өмірмен байланыстыру принципі; көрнекілік принципі; оқушының білімге құмарлығын арттыру, өз бетінше жұмыс істеу принципі.</p> <p>1) Лингвистикалық әдістер және олардың қазақ тілін оқытуда қолданылуы.</p> <p>Оқыту әдістері сан алуан. Мұғалім сабақ түсіндіреді, ол-түсіндіру әдісі; кітаппен жұмыс әдісі; жаттығу әдісі; көрнекілік әдісі; демонстрациялық әдіс, т.б. 1.Қазақ тілі сабақтары, оның түрлері және ішкі құрылымы мен жүйесі.</p> <p>2) Қазақ тілін тереңдете оқыту, мақсаттары мен міндеттері.</p> <p>3) Қазақ тілі бағдарламасы. Бағдарламаның мемлекеттік құжат екендігі.</p> <p>4) Қазақ тілі оқулығы. Оқулықтың жасалу теориясы, оқулықтың жүйелік-құрылымдық сипаты.</p> <p>5) Қазақ тілін оқыту бойынша жасалатын оқу-әдістемелік кешен және оның құрылымы. Бағдарлама және соған негізделіп жасалған оқулықтан басқа оқу-әдістемелік қосымша құралдар; мұғалімге арналған</p>	1

		әдістемелік құралдар; диктанттар мен мазмұндамалар жинағы; тест жинағы; түрлі сөздіктер; дидактикалық картиналар; кеспе қағаздар жинағы; қызықты грамматика материалдары; сынақ, емтихан сұрақтары, деңгейлік тапсырмалар жинағы т.б.	
	Модуль 2		
2	Қазақ тілінің фонетикасы мен орфографиясын оқыту әдістемесі. Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын оқыту әдістемесі	<p>1. Мектепте фонетика мен орфографияны оқытудың мақсаты мен міндеттері.</p> <p>2. Орфографиялық жұмыстың мазмұны.</p> <p>4. Оқушылардың көпшілігіне тән орфографиялық қателер және оларды түзетудің жолдары.</p> <p>5. Орфографияны оқытуда қолданылатын әдістер.</p> <p>Оқушылардың көпшілігіне тән орфографиялық қателердің басты-бастылары мынадай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ы, і, и, й, у, ү, ұ, ю әріптерін дұрыс жаза білмеу; 2) п, б әріптерін бірінің орнына бірін жазу, 3) қосарланып келген бір дауыссыз дыбыс әріптернің біреуін жазбай кету; 4) н-ң, к-г, қ-ғ әріптерін бір-бірімен шатастыру; 5) сөздердің орфограммаларындағы кейбір әріптерді жазбай кету; 6) жатыс, көмектес септік жалғаулары мен оларға ұқсас шылаулардың емлесін жетік білмегендіктен, септік жалғауларын бөлек жазып, шылауларды бірге жазып қою; 7) ба/бе, ма/ме, па-бе сұраулық шылауларын осы формадағы жұрнақтармен шатастыру; 8) бас әріптің, қос сөздің, күрделі сын есімнің, күрделі етістіктің, шылаудың емлесін білмегендіктен кеткен қателер; 9) бастауыш пен баяндауышты бір-бірінен үтір арқылы бөліп жазу; 10) бірыңғай мүшелердің арасына үтір қоймау; 11) құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қоймау. <p>«Қазақ орфографиясын игерудің негіздері» атты еңбектің авторы Ұ. Жолымбетов оқушылардың емлесілік қателерін түзетудің он төрт тәсілін көрсетеді. Олар:</p> <p><i>Бірінші тәсіл.</i> Сөздегі қатені сызып тастап, оған қажетті әріпті үстіне жазу.</p> <p><i>Екінші тәсіл.</i> Сөздегі артық әріпті не буындарды сызып тастау.</p> <p><i>Үшінші тәсіл.</i> Қателесіп бөлек жазылған сөздерді біріктіріп, қосу.</p> <p><i>Төртінші тәсіл.</i> Қате біріктіріп жазылған сөзді бөлу.</p> <p><i>Бесінші тәсіл.</i> Бүкіл қате морфеманы сызу.</p> <p><i>Алтыншы тәсіл.</i> Қатенің астын ғана сызып, үстіне қажетті әріпті жазу.</p> <p><i>Жетінші тәсіл.</i> Қажетті әріпті үстінен жазбай-ақ, қате кеткен әріптің астын сызу.</p> <p><i>Сегізінші тәсіл.</i> Қате жіберілген сөздің астын түгелдей сызу.</p>	1

		<p><i>Тоғызыншы тәсіл.</i> Сөздердің астын сызбай-ақ, дәптердің шетіне шартты белгі қою.</p> <p><i>Оныншы тәсіл.</i> Дәптердің шетіне қате кеткен айтылуы ұқсас, емлесі басқаша сөздерді жазып көрсету.</p> <p><i>Он бірінші тәсіл.</i> Дәптердің шетіне қате жазылған кейбір емлесі қиын, жазылуында әлі де болса тұрақтылық жоқ сөздерді жазып көрсету.</p> <p><i>Он екінші тәсіл.</i> Жергілікті жердегі халық тілінің ерекшеліктеріне байланысты, солардың айтуынша жіберілген қатенің астын иректөп сызып көрсету.</p> <p><i>Он үшінші тәсіл.</i> Емлесі қателердің астын сызып, дәптердің шетіне қате жіберген ережені оқушылардың өздері анықтауына көмектесетіндей сұрау қойылады.</p> <p><i>Он төртінші тәсіл.</i> Қате жазылған сөздің үстінен арнаулы белгі қою. Бұл орфографиялық сөздіктен қажетті сөзді табу керектігін білдіреді.</p> <p>6. Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын оқытудың мақсаты мен міндеттері.</p> <p>7. Оқушы тілінде байқалатын лексикалық қателер және оларды болдырмау жолдары.</p> <p>8. Лексика мен фразеологияны оқытуда көрнекіліктер мен сөздіктерді қолдану жолдары.</p> <p>9. Фразеологияны меңгерту барысында ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін таныту.</p> <p>Лексика саласы бойынша негізгі оқылатын тақырыптарға, сөздің көп мағыналылығы, синоним, антоним, омоним сөздеріне, тұрақты сөз тіркестеріне, мақал-мәтелдерге басты назар аударту.</p> <p>Оқушының сөздік қорын байытуда лексиканың алатын орнын байқату.</p> <p>Сөздіктің түрлерімен таныстыру, олармен жұмыс жүргізудің тәсілдері. Лексиканы оқытуда көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды пайдалану.</p>	
3	Сөзжасамды оқыту әдістемесі	<p>1. Сөзжасамды сөз таптарымен, орфографиямен, тіл мәдениетімен және стилистикамен байланыстыра оқыту.</p> <p>2. Жаттығулар жүйесі.</p> <p>3. Сөзжасамды оқытуда көрнекіліктер мен техникалық құралдарды, сөздіктерді пайдалану.</p> <p>Қазақ тілі саласында сөзжасамның алатын орны.</p> <p>Жаңа сөз тудырудағы жұрнақтардың қызметі, актив және пассив жұрнақтар болатынын ұқтыру.</p> <p>Жұрнақтарды дұрыс жазу ерекшеліктеріне тоқталу.</p> <p>Жаттығулар жүйесі. Сөз құрамын талдау мен сөз жасалымын талдау, бұлардың ұқсас және айырмашылық жақтары. Сөз жасалымын оқытуға көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды, сөздіктерді пайдалану.</p>	1
4	Грамматиканы оқыту әдістемесі	<p>1. Мектепте грамматиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері және маңызы.</p> <p>2. Мектепте оқылатын грамматикалық ұғымдар жүйесі мен оларды меңгерту әдістерінің жүйесі.</p> <p>Оқушылардың әр түрлі іскерлік дағдыларын қалыптастыруда, грамматикалық қателерді болдырмау</p>	1

		<p>үшін алдын ала жұмыс жүргізуде, тілін байытуда грамматиканы оқып-үйренудің аса зор рөл атқаратындығы.</p> <p>Грамматикалық талдау әдістемесінің теориялық негіздері. Талдаудың түрлері. Грамматикалық терминдер.</p>	
5	Морфологияны оқыту әдістемесі. Сөз тіркесін оқыту әдістемесі	<p>1.Морфологияны оқытудың ұстанымдары.</p> <p>2. Морфологиялық жаттығулар, олардың ішкі жүйесі.</p> <p>3.Морфологияны оқытудағы көрнекілік пен қосымша оқу құралдар жүйесін пайдалану әдістемесі.</p> <p>Қазақ тілінің бұл бөлімдегі сөз таптарының оқытылу реті. Әр сөз табының ерекшеліктері, бір-бірінен айырмашылықтары, жазылу ережесі т.б. заңдылықтарды меңгерту. Морфологияны оқытудың қиындықтары, оны жеңу жолдары. Сөз таптары туралы кешенді білім қалыптастыру әдістемелері.</p> <p>4.Мектепте оқылатын синтаксистік ұғымдар жүйесі және синтаксистік ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>5.Сөз тіркесіне байланысты жаттығулар және олардың түрлері.</p> <p>6.Сөз тіркесін оқытудағы көрнекіліктер мен қосымша оқу-әдістемелік құралдар жүйесі.</p>	1
6	Жай сөйлем мен сөйлем мүшелерін оқыту әдістемесі. Құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі	<p>1.Жай сөйлем туралы ұғым қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>2.Жай сөйлемнің мағыналық-құрылымдық жүйесі және оны меңгерту әдістемесі.</p> <p>3.Жай сөйлемді талдау әдістемесі.</p> <p>4.А.Байтұрсынұлы жасаған сөйлем мүшелері терминдерін мағыналық жағынан талдау.</p> <p>5.Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінің қызметін ұғындыру жолдары.</p> <p>6.Құрмалас сөйлем туралы ұғым қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>7.Құрмалас сөйлемнің құрылымдық-мағыналық жүйесі туралы түсінік беру жолдары.</p> <p>8.Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін оқыту әдістемесі.</p> <p>9.Сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін оқыту әдістемесі.</p>	1
7	Мәтінді оқыту әдістемесі	<p>Мәтінмен жұмыс дегеніміз –сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:</p> <p>1. Дыбыстармен жұмыс.</p> <p>2. Сөздіктермен жұмыс.</p> <p>3. Сөздік қорларын жетілдіру.</p> <p>4. Тіл дамыту.</p> <p>5. Ережемен жұмыс.</p> <p>6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.</p> <p>Мәтінмен жұмыс осы айтылған сабақ кезеңдерін бір жүйеге келтіреді. Мәтінмен жұмыс істегенде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірақ сол қолданылатын әдіс-тәсілдердің мақсаты оқушыларға айқын болуы керек.</p> <p>Мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқушыларды жұмыс істеу қабілеттеріне және білім деңгейлеріне қарай таптап бөліп, әр топқа лайықты тапсырма берген ұтады. Мәтінмен</p>	1

		<p>жұмыс істеудің алғашқы түрі- мәтінді дұрыс оқи білуге дағдыландыру. Ал мәтінді оқудың бірнеше түрі бар. Олар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дауыстап оқу. 2. Іштей оқу. 3. Араласып оқу, кезекпен оқу. 4. Буынға бөліп оқу. 5. Мәнерлеп оқу. 6. Сөйлемді мазмұнына, айтылуына, дауыс ырғағымен оқу. <p>Шапшаң оқу толық түсініп оқыды деген сөз емес. Сондықтан мәтінмен жұмыс істеудің күрделі түрі түсініп оқу және тексеріп көру әдістерін қоса пайдаланып отырған жөн. Осыған байланысты мынадай әдіс-тәсілдерді пайдаланған дұрыс.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқыған мәтіннің мазмұнын айтқызу. 2. Мәтіннен мұғалімнің сұрағына жауап тауып оқу. 3. Берілген мәтіндегі ойды бірнеше сөйлемдер арқылы айтып беру. 4. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді тауып оқу. 5. Оқыған мәтінге тақырып қою. 6. Үлестірмелі карточкалар арқылы тексеру. Ол сөйлемдердің ішінен мәтін мазмұнын білдіретін сөйлемдер табу. 7. Мәтіннің мазмұнына сай суреттерді тандап алып, сөйлемдер құруға болады. 8. Жоғары сынып оқушыларына жоспар құрғыза отырып тапсырма беру арқылы түсінгендерін тексеруге болады. 	
8	Пунктуацияны меңгерту әдістемесі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мектепте пунктуация бойынша жұмыс жүргізудің маңызы мен міндеттері. 2. Пунктуацияны оқытудың мазмұны, кезеңдері, ұстанымдары. 3. Пунктуациялық қателер мен оларды болдырмау әдістемесі. 4. Пунктуациялық жаттығулар мен талдау үлгілері. <p>Жоғарғы сауатты адамдарды дайындап шығаруда мектепте қазақ тілінің пунктуациясын үйретудің маңызы өте зор. Сауаттылық дегеніміздің өзі –грамматиканың, орфография мен пунктуацияның ережелері мен заңдылықтарын жете білудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан оқушыларға мектеп қабырғасында грамматикалық ережелерді жаттатып қана қоймай, теория мен практиканы байланыстыра отырып, ғылым негізін толық сіңіру керек. Оқушылардың қате жібермеуін болдырмау үшін, күнделікті сабақ процесінде, сабақтан тыс уақыттарда істелген мұндай жұмыстардан басқа мыналарды да әрдайым еске ұстаған жөн.</p> <p>Оқушының пунктуациялық дағдысының қалыптасуы оның ойлау-сөйлеу дағдыларымен тікелей байланысты, сондықтан пунктуациялық дағдыны қалыптастыруда бірыңғай грамматикалық талдау жұмыстары емес,</p>	1

		оқушының байланыстырып сөйлеу әрекетін жетілдіру, шығармашылық, тіл ұстарту жұмыстарын бірлікте, бірімен-бірі байланыста жүргізу тиімді.	
9	Тіл дамыту әдістемесі. Тіл мәдениеті және оны оқыту әдістемесі	<p>1. Тіл дамытудың мақсаты мен міндеттері.</p> <p>2. Тіл дамытудың ауызша және жазбаша жұмыс түрлері жүйесі.</p> <p>3. Мазмұндама, шығарма жазу әдістемелері.</p> <p>Тіл дамыту жұмыстарының негізгі мақсаты - оқушылардың сөздік қорын молайту, дұрыс жаза, дұрыс сөйлей білуге баулу, өз ойын көркем және түсінікті етіп жеткізе білу. Тіл дамыту жұмысын әр сыныпта дамыта отырып жүргізу керек.</p> <p>Оқушылардың сөздік қорын молайту. Мектепте сөздік жұмысының маңызы мен міндеттері. Сөздердің мағынасы мен қолданылуына оқушылардың ұқыпты болуын тәрбиелеу. Сөз мағыналарын түсіндіру жолдары. «Дұрыс сөйлеу» мен «жақсы сөйлеу» ұғымдарын талдау. Тіл мәдениеті бойынша жүргізілетін жұмыстар жүйесі мен ішкі түрлері.</p> <p>4.Тіл мәдениеті бойынша жүргізілетін жұмыстар жүйесі мен ішкі түрлері.</p> <p>5. Әдеби норма, ол туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>6. Мектепте стилистиканы оқытудың мазмұны, мақсаты, міндеттері.</p> <p>7.Стильдік қате және оны болдырмау жолдары.</p> <p>Қазақ тілінің білімдік дағдыларын жетілдіру мен тіл мәдениетін қалыптастыруда жазба жұмыстарының алатын орны.</p>	1
	Барлығы		9

ОСӨЖ тапсырмасы мен орындалу мерзімі

№	Тақырып аталымы мен мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Балл
	Модуль 1			
1	Қазақ тілін компьютер арқылы оқыту. Белгілі бір тақырыпқа арналған сабақ жоспарын, компьютерлік бағдарламасын құру	Сабақ жоспарын тексеру	1-апта	
2	Қазіргі кезде білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологиялар	Ғылыми -әдістемелік еңбектерден жазған конспект жұмысын тексеру	2-апта	
3	Оқулықтың жасалу теориясы, оқулықтың жүйелік-құрылымдық сипаты. Қазақ тілінен жүргізілетін жазба	Дидактикалық материалдар жинау және ауызша жауаптарын бағалау. Диктант жаздыру. Қатемен жұмыс түрлерін ұйымдастыру.	3-апта	

	жұмыстары.			
4	Қазақ тілі сабағында пайдаланылатын ойын элементтері. Грамматикалық ойындардың оқушылардың танымдық қабілетін арттырудағы рөлі	Шағын сабақ түрлерін өткізу	4-апта	
5	Тәрбие тамыры- халық даналығында. Қазақ тілі пәнінің білім берудегі тәрбиелік, дамытушылық маңызы	Баяндама	5-апта	
6	Қазіргі сабақ жүйесі Сын есімді оқыту барысында ұлттық рухани тәрбие беру	Сабақ өткізуін бағалау Сабақ жоспарын тексеру	6-апта	
7	Қазақ тілі сабағында өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту – заман талабы	Ғылыми әдебиеттерден жазған конспект жұмысын тексеру және ауызша жауаптарын бағалау. Баяндама	7-апта	
8	Синтаксис бойынша оқушыда қалыптасуы тиіс машық-дағдылар мен іскерлік жүйесі	Ауызша және жазбаша жауаптарын бағалау жаттығу жұмыстарын жүргізу	8-апта	
9	Оқыту процесінде көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімділігі. Қазақ тілі сабағының түрлері мен құрылымы	Ауызша , жазбаша жауаптары және көрнекі құралдармен жұмыс. Ауызша жауап және тест құрастыру	9-апта	

СӨЖ тапсырмасы мен орындалу мерзімі

№	Тақырып аталымы	Мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Балл
	Модуль 1				
1	Қазақ тілін оқытудың өзіндік ұстанымдары	Ауызша және жазбаша	Ауызша жауап және тест бойынша тексеру	1-апта	
2	Қосымша әдістемелік еңбектерге сараптама жасау	Зерттеу еңбектеріне конспект жасау	Ауызша жауап және тест бойынша тексеру	2-апта	
3	Жоспар, оның түрлері	Жазба жұмысы	Ауызша жауап және тест бойынша тексеру	3-апта	
4	Сабақ жоспарын	Белгілі бір тақырыпқа	Талдау-	4-апта	

	жасау	сабақ жоспарын жасау	сараптау		
5	Қазақ тілін оқытуда қолданылатын деңгейлік тапсырмалар	Ауызша және жазбаша	Талдау-сараптау	5-апта	
6	Қызықты грамматика материалдары бойынша папка жасау	Әдістемелік папка жасау	Талдау-сараптау	6-апта	
7	5-6 -сынып бағдарламасына сай грамматика бойынша бір тақырыпқа сабақ жоспарын дайындау	Сабақ жоспарын әзірлеу	Талдау-сараптау	7-апта	
8	Морфологияны оқытуда қолданылатын деңгейлік тапсырмалар	Түрлі тапсырмалар әзірлеу	Талдау-сараптау	8-апта	
9	Синтаксисті оқытуда қолданылатын деңгейлік тапсырмалар	Түрлі тапсырмалар әзірлеу	Талдау-сараптау	9-апта	
10	9-сынып бағдарламасына сай құрмалас сөйлем бойынша бір тақырыпқа сабақ жоспарын дайындау	Сабақ жоспарын жасау	Талдау-сараптау	10 -апта	
11	Қазақ тілі кабинетін жасақтау жоспарын жасау	Қазақ тілі кабинетінің схемасын және жоспарын жасау	Талдау-сараптау	11-апта	
12	Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, сабақ өту	Сабақ өткізу	Талдау-сараптау	12-апта	
13	Тест, оның түрлері	Ауызша, жазбаша жауап және тест құрастыру	Ауызша жауап және тест бойынша тексеру	13-апта	
14	Сабақ талдау схемасы	Ауызша және жазбаша жауап	Бір сабаққа талдау жасау	14-апта	
15	Тіл дамыту сабағының үлгісін жасау	Сабақ жоспары	Талдау-сараптау	15-апта	

Емтихан сұрақтары

- 1.Қазақ тілін оқыту әдістемесі – жеке ғылым саласы
- 2.Қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздері
- 3.Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары
- 4.Қазақ тілін оқыту әдістерінің жүйесі
- 5.Дидактикалық әдістер

6. Қазақ тілін оқытудың формалары мен түрлері
- 7.Тілді оқыту әдістемесі-тілдерді оқытудың жалпы теориясы
- 8.Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу және даму жолдары
9. Қазақ тілі сабақтары, оның түрлері және ішкі құрылымы мен жүйесі
- 10.Қазақ тілі бағдарламасының мағынасы мен құрылысы
- 11.Күнтізбелік жоспар
- 12.Сабақты жоспарлау түрлері
13. Тоқсандық, жарты жылдық, жылдық күнтізбелік жоспар жасау әдісі
- 14.Қазақ тілі оқулығы
- 15.Қазақ тілін тереңдете оқыту
- 16.Қазақ тілін оқыту бойынша жасалатын оқу-әдістемелік кешен және оның құрылымы
- 17.Оқушылардың сөздік қорын молайту, әдеби тілмен дұрыс сөйлей білу мәдениетін қалыптастыру
- 18.Қатесіз дұрыс, сауатты жаза білуге баулу
- 19.Дидактикалық принциптер
- 20.Ғылыми, жүйелілік, көрнекілік принципі
- 21.Саналық пен белсенділік принципі
- 22.Теорияны практикамен байланыстыру принципі
- 23.Жеке оқушылардың психикалық ерекшеліктерін ескеру принципі
- 24.Сыныптан тыс жұмыстар жүргізу жолдары
- 25.Қазақ тілі сабағынан факультативті сабақтарды ұйымдастыру
- 26.Қазақ тілі сабағының құрылымдық ерекшеліктері, ұйымдастыруды дұрыс жолға қоя білу
- 27.Қазақ тілі сабағында көрнекі, техникалық құралдарды пайдалану
- 28.Фонетика мен графиканы оқыту
- 29.Лексиканы оқыту әдістемесі
- 30.Фразеологияны оқыту әдістемесі
- 31.Сөзжасамды оқыту әдістемесі
- 32.Морфологияны оқыту әдістемесі
- 33.Синтаксисті оқыту әдістемесі
- 34.Сөз тіркесін оқыту әдістемесі
- 35.Жай сөйлемді оқыту әдістемесі
- 36.Сөйлем мүшелерін оқыту әдістемесі
- 37.Құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі
- 38.Мәтінді оқыту әдістемесі
- 39.Орфографияны оқыту әдістемесі
- 40.Пунктуацияны меңгерту әдістемесі
- 41.Тіл дамыту әдістемесі
- 42.Тіл мәдениеті және оны оқыту әдістемесі
- 43.Жазба жұмыстарының түрлері, жүргізу жолдары
- 44.Қазақ тілі кабинетін жасақтау
- 45.Тест, оның түрлері
- 46.Сабақ талдау схемасы
- 47.Қазақ тілі сабағында пайдаланылатын ойын элементтері
- 48.Қазіргі сабақ жүйесі
- 49.Қазіргі кезде білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңа технологиялар
- 50.Дәстүрлі емес сабақ

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 2000 (С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана. Оқу залы.)
2. Алметова А.С. Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді оқыту. Алматы, 2001 (ИнЕу. Оқу залы)
3. Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі. Алматы, 2001 (ИнЕу, Оқу залы)
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2000 (ИНЕУ. Оқу залы)
5. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. Алматы, 2001 (С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана. Оқу залы)

Қосымша әдебиеттер:

1. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1995
2. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1965
3. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шаймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Практикалық және лабораториялық жұмыстар. Алматы, 1999
4. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. Алматы, 1992
5. Балақаев М. Тіл мәдениеті және мектепте қазақ тілін оқыту. Алматы, 1982
6. Жапбаров А. Стилистиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 1995
7. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 1993
8. Құлмағамбетова Б. және т.б. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1988
9. Кәтембаева Б., Нұрғалиева М. Морфологияны оқытудың методикасы. Алматы, 1975
10. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1996
11. Айғабылов А. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері. Алматы, 1982
12. Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. Алматы, 1983
13. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды пайдалану. Алматы, 1983
14. Мұсабекова Ф. Тыныс белгілерін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, 1959
15. Ишмұхамедов Ә. Қызықты грамматика. Алматы, 1986
16. Айғабылов А. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері. Алматы, 1982
17. Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. Алматы, 1983
18. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды пайдалану. Алматы, 1983
19. Мұсабекова Ф. Тыныс белгілерін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, 1959
20. Ишмұхамедов Ә. Қызықты грамматика. Алматы, 1986
21. Шадиева Н.Х. Лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту әдістемесі. Алматы, 2005
22. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1991
23. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдарында жарияланған методикалық мақалалар.
24. V-XI сынып оқулықтарына методикалық нұсқаулар. / Соңғы басылымдар /.
25. Орта мектепке арналған қазақ тілі бағдарламалары. / Соңғы басылымдар /.
26. Қосымова Г., Ж. Дәулетбекова «Қазақ тілі» 5-сынып оқулығы. Алматы, 2001

25. Исаев С., Назарғалиева К., Дәулетбекова Ж. «Қазақ тілі» 6-сынып оқулығы. Алматы, 2002
26. Исаев С., Қосымова Г. «Қазақ тілі» 7-сынып оқулығы. Алматы, 2003
27. Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. Алматы, 1983.
28. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1996
29. Әр жылдардағы "Бастауыш мектеп", "Қазақ тілі мен әдебиеті", "Қазақстан мектебі" журналдарының басылымдары.

СТУДЕНТ РЕЙТИНГІСІН БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Бақылау түрі	Апта						1-рейтинг қорытындысы	Апта						2-рейтинг қорытындысы	15	
		1	2	3	4	5	6		8	9	10	11	12	13			14
1	Сабаққа қатысым	*	*	*	*	*	*	7	*	*	*	*	*	*	*	8	*
2	Дәрістерді конспектілеу			*		*		5					*		*	5	
3	СӨЖ тапсырмаларының орындалуы		*	*	*	*	*	30			*	*	*	*	*	30	
4	ОСӨЖ тапсырмаларының орындалуы	*	*	*	*	*		30			*	*	*	*	*	30	
5	Аралық бақылау тапсырмаларының орындалуы							20								20	
6	Тапсырманың басқа түрлері			*			*	8					*		*	7	
	Қорытынды							100								100	
	Қорытынды бағадан алған үлесі							30%								30%	

Пән бойынша қорытынды бақылау пайыздық мазмұнда мына формула бойынша анықталады:

$$P_2 = \frac{P_1 + E}{2} \times 0,4$$

Мұндағы: P1 – 1-рейтинг бағасының пайызы, P2 – 2-рейтинг бағасының пайызы, E – емтихан бағасының пайызы

- рейтингтік бақылау – 40%
- емтихан - 60%

Студенттердің білімін бағалау критерийлері: студент дәріс сабақтарына толық қатысып, ОСӨЖ және СӨЖ бойынша барлық тапсырмаларды орындаған жағдайда ең жоғары балл; тапсырманы орындаудағы шығармашылығы үшін көтермелеу балын, толық орындалмаған жазба жұмыстары, тапсырмалардың орындалмауы, босатқан сабақтары, тапсырмаларды белгіленген мерзімде тапсырмағандары үшін айып балдарын алуы мүмкін.

Пәннің бақылау түрлері: ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды бақылау. Бақылау құралдары: сабаққа қатысу, бақылау жұмысы, сұрақ-жауап, реферат, сабақ өткізу.

Білімді бағалаудың жалпы көрсеткіші

Әріптік баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пәнді меңгерудің пайыздық мазмұны	Дәстүрлі баға
A	4,0	95-100	өте жақсы
A ⁻	3,67	90-94	
B ⁺	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B ⁻	2,67	75-79	
C ⁺	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C ⁻	1,67	60-64	
D ⁺	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

Академиялық тәртіп саясаты: курс саясаты мынадай талаптарды қамтиды:

- сабақты босатпау
- сабаққа кешікпеу
- оқу үрдісіне белсенді араласу
- ұқыптылық, міндеттілік
- өздік жұмыстарының орындалуы
- топпен жұмыс істеу және пікірталастарға қатысу
- шыдамдылық, ізденімпаздық

